

## Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 90 шешімі. Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 21 сәуірде N 3-8-82 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2017 жылғы 10 наурыздағы № 66 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 10.03.2017 № 66 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылдың 10 желтоқсанындағы № 99 "Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422 бабының 2 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың ең төмен базалық ставкаларының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. 2005 жылғы 21 қазандағы № 155 "Ойын бизнестің бір өлшем объектінің акцизін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" (№ 3-8-7 тіркелген, 2005 жылғы 11 қарашадағы "Мәртөк тынысы" № 45 газетінде жарияланған) және 2007 жылғы 19 наурыздағы № 251 "Аудандық мәслихаттың 2005 жылғы 21 қазандағы "Ойын бизнестің бір өлшем объектінің акцизін және тіркелген жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы" № 155 шешіміне толықтырулар енгізу туралы" (№ 3-8-36 тіркелген, 2007 жылғы 3 мамырдағы "Мәртөк тынысы" № 18 газетінде жарияланған) шешімдер күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Ордабаев  
А. Смағұлов*

## Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың ең төмен базалық ставкаларының мөлшері

№	Салық салу объектілердің атаулары	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК